

Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты

Қазақстан Республикасы  
Конституциялық Кеңесінің  
қаулысы 2000 жылғы 20  
желтоқсан N 21/2

Конституционный Суд Республики Казахстан

## Қазақстан Республикасы Конституциясының 26-бабы 3-тармағын және 76-бабы 2-тармағын ресми түсіндіру туралы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, құрамында Төрағаның міндетін атқарушы Н.І. Өкеев, Кеңес мүшелері Ж.Д. Бұсырманов, А. Есенжанов, А.К. Котов, Қ.Ә. Омарханов және В.Д. Шопин қатысқан құрамда, мына өкілдердің:

өтініш субъектісінен - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Б.Ғ. Жүсіповтің,

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен - Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары К.А. Колпаковтың,

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінен мемлекеттік-құқық бөлімінің аға референті И.М. Ахметованың,

қатысуымен өткен ашық отырысында Қазақстан Республикасы Парламенті бір топ депутаттарының Қазақстан Республикасы Конституциясының 26-бабы 3-тармағын және 76-бабы 2-тармағын ресми түсіндіру туралы өтінішін қарады.

Қолдағы бар материалдарды зерделеп, баяндамашы - Кеңес мүшесі Қ.Ә. Омархановтың және отырыс қатысушыларының сөйлеген сөздерін тыңдап, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны анықтады:

1. Республиканың Конституциялық Кеңесіне 2000 жылғы 5 желтоқсанда Республика Парламентінің 31 депутатының Қазақстан Республикасы Конституциясы 26-бабының 3-тармағына және 76-бабының 2-тармағына ресми түсіндірме беру туралы өтініші келіп түсті.



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

Республика Үкіметі, Республика Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) ұсынысы бойынша, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде бастама жасаған заң жобасы өтініш беру үшін себеп болды. Өтініштен келіп шығатыны, заң жобасы Ұлттық Банктің екінші деңгейдегі банктердің акцияларын, кейіннен инвесторларға дереу сататын етіп, капиталдың теріс мөлшері жағдайында мәжбүрлеп сатып алуы мәселелеріне қатысты. Депутаттар, акцияларды мәжбүрлеп сатып алудың қажет екендігіне күмән келтірмей отырып, ол Ұлттық Банктің талап етуі бойынша сот тәртібімен ғана іске асырылуы тиіс деп есептейді. Олардың пікірінше, мұндай көзқарас Республика Конституциясының 26-бабы 3-тармағынан және 76-бабы 2-тармағынан туындайды.

Өтініш субъектісі жоғарыда аталған конституциялық нормаларды түсіндіру кезінде мынадай: Республика Конституциясына сәйкес, Азаматтық кодекстің 86-бабының 6-тармағында көзделген жағдайда, екінші деңгейдегі банктердің акцияларын сот тәртібінен тыс мәжбүрлеп сатып алуға жол беруге бола ма; Ұлттық Банкке екінші деңгейдегі банктердің акцияларын мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылдау құқығын беру және осы акцияларды аталған шешім негізінде сатып алу соттан тыс органға сот функциясын беру болып табылмай ма, - деген сұрақтарға жауап беруді өтінеді.

2. Республика Конституциясының нормаларын және конституциялық іс жүргізу материалдарын талдап, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны ескерді.

Конституцияның 26-бабы 3-тармағы екі бөліктен тұрады: біріншісі - "соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды", екіншісі - "заңмен көзделген ерекше жағдайларда мемлекет мұқтажы үшін мүлкінен күштеп айыру оның құны тең бағамен өтелген кезде жүргізілуі мүмкін".

Соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды деген конституциялық норма, меншік құқығын қорғау кепілдігін көздейтін конституциялық ереже болып табылады. Алайда, аталған ереже абсолютті болып табылмайды және мүлкі иеліктен айыру кезінде міндетті түрде алдын ала сот шешімі болуын көзде тұтпайды. Конституциялық Кеңестің мұндай құқықтық позициясы оның 2000 жылғы 16 маусымдағы N 6/2 қаулысында білдірілген. Меншік иесінің мүлкі иеліктен айыру, Конституцияның 26-бабы 3-тармағының

екінші бөлігінде аталған мынадай: заңмен көзделген ерекше жағдайларда мемлекет мұқтажы үшін; құны тең бағамен өтелген кезде, - деген міндетті шарттар орындалғанда ғана мүмкін болады. Осылайша, Қазақстан Республикасының Конституциясы, жоғарыда аталған конституциялық шарттар міндетті түрде орындалған кезде ғана, сот рәсімдерінің шеңберінен тыс меншіктен айыруға жол береді.

Конституция "мемлекет мұқтажы", "ерекше жағдайлар", "құны тең бағамен өтелген кезде", - деген ұғымдарды анықтап отырмайды. Конституция бұл міндетті заңдарға жүктейді. Бұл орайда шектеулердің қойылар шегі, олардың сипаты заңдарда еркін түрде емес, Республика Конституциясы 39-бабының талаптарына сәйкес айқындалады.

Меншік иесінің ықтиярынсыз меншік құқығы тоқтатылуының нақты негіздері Республика Азаматтық кодексінің 249-бабы 2 және 4-тармақтарында, 86-бабының 5 және 6-тармақтарында белгіленген. Мынаны да ескерген жөн, мүлікті мәжбүрлеп алып қою (сот тәртібімен немесе сот тәртібінен тыс), бұл негіздеме Азаматтық кодексте көзделгенде ғана мүмкін болады (249-баптың 2-тармағының 7) тармақшасы). Бұл аталған ереже АҚ-тің 3-бабында көзделген азаматтық заңдардың жалпы бастауларынан келіп туындайды.

26-баптың 3-тармағының "соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды", - деген конституциялық нормасы, әркімнің де өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына деген құқығын жүзеге асыруының кепілдігі болып табылады. Меншік құқығын мәжбүрлеп тоқтату туралы шешімдерге сотқа шағымдану мүмкіндігі - бұл Республика Конституциясының 13-бабы 2-тармағынан туындайтын жалпы кепілдік. Конституциялық Кеңестің 2000 жылғы 10 шілдедегі N 14/2 қаулысынан келіп шығатынындай, бұл конституциялық кепілдік заңмен белгіленген тәртіппен, сотқа жүгіну арқылы әркімнің де құқықтары мен бостандықтарының әртүрлі озбырлықтан қорғалуын көзде тұтады. Бұл орайда, Конституцияның 76-бабы 2-тармағына сәйкес, Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен даулар соттарға ведомстволық қарасты болады.

Республика Конституциясының 6-бабы 2-тармағының "... Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленеді", - деген

нормасының мағынасынан, меншік құқығын қорғау және қамтамасыз ету мақсатында, меншік иелерінің құқықтарын бұзған мемлекеттік органның және лауазымды адамдардың шешімдері мен іс-әрекеттеріне шағымдану тәртібі заңмен көзделуі мүмкін екендігі келіп туындайды. Республиканың Азаматтық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі - АІЖК) нормаларына сәйкес, азамат бұзылған немесе дауланып отырған конституциялық құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінуге хақылы.

АК-тің 86-бабының 6-тармағы Ұлттық Банктің екінші деңгейдегі банктердің акцияларын мәжбүрлеп сатып алуын көздейді. Дау туындаған жағдайда акциялардың иесі АІЖК-імен белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуі мүмкін. Осы арқылы, мүлікті иеліктен айырудың заңдылығы мен негізділігіне міндетті түрде кейінгі сот бақылауы (Республика Конституциясы 76-бабының 1 және 2-тармақтары), сондай-ақ, азаматтардың өз құқықтарының, бостандықтарының және заңмен қорғалатын мүдделерінің сот арқылы қорғалуына деген конституциялық құқығын кез-келген жағдайда жүзеге асыруына кепілдік берілген мүмкіндік көзде тұтылады (Конституцияның 13-бабының 2-тармағы).

3. Банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға, заңда белгіленген тәртіппен есептелген капиталдың теріс мөлшері бар болған жағдайда, олардың акцияларын мәжбүрлеп сатып алу сияқты мүлікті иеліктен айырудың мұндай негіздемесі АК-тің 86-бабының 6-тармағымен көзделген.

Бұл аталған норманың конституциялылығы Конституциялық Кеңестің 1996 жылғы 2 желтоқсандағы N 8 қаулысымен дәлелденген. Сонымен бірге, бұл нормада акцияларды мәжбүрлеп сатып алуды жүзеге асырудың соттық немесе соттан тыс тәртібі белгіленбейді.

Меншікті иеліктен айырудың нақты механизмін құқықтық реттеу мүмкіндігі, Республика Конституциясының 61-бабы 3-тармағына сәйкес, заңмен реттеу саласына қарайды, ал ол Республика Парламентінің құзырына жатады.

Баяндалғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" конституциялық

заң күші бар Жарлығының 17-бабы 3-тармағының 1) тармақшасын, 32, 33, 37 және 41-баптарын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 26-бабы 3-тармағын, "соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды", - деген бөлігінде бұл ереже меншік құқығын қорғау кепілдігін көздейтін конституциялық ереже болып табылады деп түсінген ләзім. Бұл бөлік мүлікті иеліктен айыру кезінде алдын ала сот шешімінің міндеттілігін белгілемейді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 26-бабы 3-тармағын, "заңмен көзделген ерекше жағдайларда мемлекет мұқтажы үшін мүліктен күштеп айыру, оның құны тең бағамен өтелген кезде жүргізілуі мүмкін", - деген бөлігінде, осы бөлікте аталған шарттар орындалған кезде ғана, меншік иесінің мүлкін иеліктен бұлайша айыруға болады деп түсіну керек.

Меншікті иеліктен айырудың нақты механизмін құқықтық жолмен белгілеу заңмен реттеу саласына қарайды, ал ол Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 3-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Парламентінің құзырына жатады.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 76-бабы 2-тармағының "сот билігі Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады", - деген нормасын, өтініштің мән-жайына қатысты қолданыста, бұл конституциялық ереже меншік құқығының даусыз тәртіппен тоқтатылуына жол бермейді деп түсіну керек.

Алдын ала сот шешімі негізінде де, меншік иесі мемлекеттік органның тиісті шешіміне заңмен белгіленген тәртіппен шағымданған жағдайда, меншікті иеліктен айырудың заңдылығы мен негізділігіне міндетті түрде кейінгі сот бақылауы кезінде де, заңға сәйкес мүлікті иеліктен айыру мүмкін.

3. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабы 3-тармағына сәйкес, қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді және шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабы 4-тармағында көзделген жағдайды ескеріп, түпкілікті болып табылады.

4. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

**Қазақстан Республикасы**  
**Конституциялық Кеңесі**  
**Төрағасының міндетін атқарушы**